

ТҮЛЕКТЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ САПАСЫНА ҚАНАҒАТТАНУЫ

Университете БББ-ның іске асыру сапасын анықтау мақсатында жыл сайын білім алушылар, университет түлектері және жұмыс берушілер арасында жүйелі түрде кешенді әлеуметтік сауалнама жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылында жалпы саны 109 БББ университет түлектерімен бағаланды.

Университет түлектерінің білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасына қанағаттануын анықтау мақсатында университет түлектері арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға әртүрлі БББ бітірген жалпы саны 896 университет түлегі өз пікірін білдірді.


Сауалнама барысында:

- Практикаларды ұйымдастыру;
- Кітапханада қызмет көрсету;
- Университетте өзіндік жұмысты ұйымдастыру (үй-жайлардың болуы, компьютерлік қамтамасыз ету және т. б.);
- Білім алушыларды әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру;
- ЖОО-да тамақтандыруды ұйымдастыру;
- Білім алушылардың ғылыми қызметін ұйымдастыру;
- ЖОО-ға түсу рәсімін ұйымдастыру;
- Университет басшыларының білім алушылармен кері байланысын ұйымдастыру;
- ОӘК сапасы мен қолжетімділігі
- Сабақ кестесінің ыңғайлылығы;
- Оқыту әдістері мен технологиялары;
- Оқу процесін компьютерлік қамтамасыз ету;
- Оқытушылардың қолжетімділігі және консультациялар;
- Оқытудың нақты нәтижелері;
- Мансаптық өсу;
- ОПҚ-ның біліктілігі мен құзыреттілігі;
- Жұмыс берушілердің кәсіби және жалпы құзыреттерді қалыптастырудағы үлесіне қатысты сауалдар қойылды.

БББ жүзеге асырылуын бағалауға қатысты қойылған әрбір сауалға университет түлектері:

1. Өте жақсы (90-100 балл аралығы)
2. Жақсы (75-89 балл аралығы)
3. Қанағаттанарлық (51-74 балл аралығы)
4. Қанағаттанарлықсыз (50 балл және одан төмен) деген бағаларын берді.

Университет түлектерінің БББ сапасымен қанағаттануы



Сұралған түлектердің басым бөлігі БББ жүзеге асырылуын бағалауға қатысты өте жақсы және жақсы деп оңды пікірлерін білдірген. Оның ішінде, сұралғандардың әрбір екіншісі өте жақсы, әрбір үшіншісі жақсы деп оңды пікірлерін білдірген.

Сауалнама барысында анықталған:

- ЖОО-да тамақтандыруды ұйымдастырумен қанағаттанбаймыз дейтін 5%;

- практикаларды ұйымдастыру және университетте өзіндік жұмысты ұйымдастырумен (үй-жайлардың болуы, компьютерлік қамтамасыз ету және т. б.), білім алушыларды әлеуметтік қорғауды ұйымдастырумен, білім алушылардың ғылыми қызметін ұйымдастырумен, университет басшыларының білім алушылармен кері байланысын ұйымдастырумен, оқу процесін компьютерлік қамтамасыз етумен қанағаттанбаймыз дейтін 3%;

- ЖОО-ға түсу рәсімін ұйымдастырумен, сабақ кестесінің ыңғайлылығымен, оқыту әдістері мен технологияларымен, оқытудың нақты нәтижелерімен, мансаптық өсумен, ОПҚ-ның біліктілігі мен құзыреттілігімен және жұмыс берушілердің кәсіби және жалпы құзыреттерді қалыптастырудағы үлесіне қанағаттанбаймыз дейтін 2%;

- кітапханада қызмет көрсету және ОӘК сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттанбаймыз дейтін 1% университет түлегінің пікірін ескеріп тиісті жұмыстар жүргізу қажеттігі ұсынылды.